

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қызылорда облыстық әскери комиссариатында орындалу барысы жайлы

Мерзімі біткен

Қызылорда облыстық Мәслихатының 1998 жылғы 27 наурыздағы /XVI сессия/ шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 1999 жылғы 12 сәуірде № 94 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

Облыстық әскери комиссар орынбасары Ж.Бисенғалиевтың хабарламасын тыңдап, облыстық Мәслихаттың XVI-сессиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Облыстық әскери комиссар орынбасары Ж.Бисенғалиевтың "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қызылорда облыстық әскери комиссариатында орындалу барысы жайлы хабарламасы еске алынсын.

2. Облыстық әскери комиссар хабарламасында айтылған ұсыныстар, яғни әскер қатарына шақырылушылар ішінен басқа адамның көмегі мен күтіміне мұқтаж отбасы барларды, мерзіміне қарамастан сотталғандарды, әскери қызметке шақыруды кейінге қалдырылғандарды әскери запасқа қалдыру "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына /19 мамыр 1995 жылғы, 14 қараша 1995 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары арқылы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды еске ала отырып сәйкес жүргізілсін.

3. Облыстық, Қызылорда қалалық және аудандық Мәслихаттарға, білім, денсаулық сақтау, дене мәдениеті және спорт бөлімдері /ұйымдарына / әскери қызметке шақыруға дейінгілер мен шақырылушы жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру, бастапқы әскери даярлықтан өткізу, емдік-профилактикалық шараларды жүзеге асыруды ұйымдастыру тапсырылсын.

Облыстық Мәслихат

XVI-сессиясының төрағасы

Облыстық Мәслихат хатшысы

А. Алматов

Б. Ермақашев